

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы акционерлерінің  
2016 жылғы 24 мамырдағы жылдық жалпы жиналысына материалдар**

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы (бұдан әрі - АЖЖЖ) Қоғам Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) 2016 жылғы 30 наурыздағы шешіміне сәйкес шақырылды. АЖЖЖ Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, 010000, Қабанбай батыр даңғылы, 15, Hilton Garden Inn Astana қонақ үйінің «Гарден» конференц-залы (оң жақ қанаты), 1-қабат мекен-жайы бойынша 2016 жылдың 24 мамырына 10 сағат 00 минутқа шақырылды. АЖЖЖ-ның мынадай күн тәртібі белгіленді:

1. Қоғам есептеу комиссиясының құрамы туралы;
2. 2015 жылғы жылдық қаржылық есепті бекіту;
3. Өткен қаржы жылының қортындылары бойынша Қоғамның таза кірісін бөлудің тәртібі мен Қоғамның бір акциясына шаққандағы дивиденттің мөлшерін бөлудің тәртібін бекіту;
4. Қоғамның 2015 жылғы жылдық есебін бекіту.
5. Акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды адамдарының іс-әрекетіне арыздары және оларды 2015 жылы қараудың қортындылары туралы мәселені қарау.
6. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелерінің 2015 жылғы сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат;
7. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының 2015 жылғы жұмысы туралы ақпарат;
8. Қоғамның Жарғысына өзгерістер енгізу туралы.

## **1. Қоғамның есептеу комиссиясының құрамы туралы**

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 36 бабының 1-тармағының 4) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 11-тарауының 11.1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне есептеу комиссияның сандық құрамы мен өкілеттігінің мерзімін белгілеу туралы мәселесі, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін тоқтату жатады.

Қоғам жұмыс істеп тұрған есептеу комиссиясының төрағасы Райымбеков Ерден Ғалымұлымен еңбек қатынастарын тоқтатуына байланысты оның өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату және Қоғамның есептеу комиссиясының жаңа мүшесі етіп Қоғамның корпоративтік хатшы қызметінің Комплаенс бойынша бақылаушысы Нұрмағамбетова Ләззат Қалыбекқызы Қоғамның есептеу комиссиясы үшін белгіленген өкілеттік мерзіміне сайлау ұсынылады.

Оған қоса, Нұрмағамбетова Ләззат Қалыбекқызы Қоғамның есептеу комиссиясының төрағасы етіп сайлау ұсынылады.

Акционерлердің қарауына мынадай шешім енгізіледі:

**1. Есептеу комиссиясының төрағасы Райымбеков Ерден Ғалымұлының өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату;**

**2. Қоғамның есептеу комиссиясының мүшелесі – төрағасы етіп Қоғамның корпоративтік хатшы қызметінің Комплаенс бойынша бақылаушысы Нұрмағамбетова Ләззат Қалыбекқызы Қоғамның есептеу комиссиясы үшін белгіленген өкілеттік мерзіміне сайлау.**

## 2. 2015 жылғы жылдық топтастырылған қаржылық есепті бекіту

Қоғам Жарғысының 11.1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Қоғамның жылдық топтастырылған қаржылық есебі мен Қоғамның жылдық есебін бекіту акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатады.

KAZE және London Stock Exchange-тің листингтік талаптарына сәйкес, «Эрнст энд Янг» ЖШС-ның тәуелсіз аудиторлары Қоғамның 2015 жылға топтастырылған қаржылық есебінің аудитін жүргізді. Қоғам Жарғысының 12-тарауының 12.2-тармағының б) тармақшасына, сондай-ақ аудит жөніндегі комитет (бұдан әрі - комитет) туралы ережеге сәйкес, бұл қаржылық есепті комитет және Қоғамның Директорлар кеңесі 2016 жылғы 23 ақпанда қараған болатын.

Қоғамның 2015 жылғы қызметінің қортындылары бойынша Қаржылық есептіліктің негізгі көрсеткіштері мыналарды құрады:

- кірістер – 529 812 миллион теңге;
- қауымдастырылған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес – 20 062 миллион теңге;
- өндірістік шығыстар – 225 049 миллион теңге;
- табыс салығын қоспағанда салықтар – 181 501 миллион теңге;
- негізгі құралдардың құнсыздануы – 4 358 миллион теңге;
- тозу, ескіру және амортизация – 20 110 миллион теңге;
- іске асыру жөніндегі шығыстар мен әкімшілік шығыстар – 118 601 миллион теңге;
- өтеуге КҚС-тың құнсыздануы - 46 753 миллион теңге;
- барлауға арналған шығыстар – 1 892 миллион теңге;
- негізгі құралдардың істен шығуынан келтірілген зиян – 260 миллион теңге;
- қаржылық шығыстарды шегеріп тастағандағы қаржылық кірістер – 11 095 миллион теңге;
- бағамдық айырмашылық бойынша кірістер – 448 869 миллион теңге;
- салық салынғанға дейінгі пайда – 371 190 миллион теңге;
- таза пайда – 243 669 миллион теңге.

Қоғамның жылдық топтастырылған қаржылық есебі мен аудиторлық есебі [www.kmger.kz](http://www.kmger.kz) мекен-жайы бойынша корпоративтік веб-сайттан алуға болады, сондай-ақ акционерлердің сұратуы бойынша ұсынылады.

### **Шешім:**

**Қоғамның 2015 жылғы жылдық топтастырылған қаржылық есебі бекітілсін.**

### **3. Өткен қаржылық жыл бойынша Қоғамның таза кірісін бөлудің тәртібі мен Қоғамның бір акциясына шаққандағы дивиденттің мөлшерін бөлудің тәртібін бекіту**

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының (бұдан әрі – АҚ туралы Заң) 44 бабының 3-тармағының 3) тармақшасына, сондай-ақ Қоғам Жарғысының 10.28-тармағының 3) тармақшасына сәйкес акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар Директорлар кеңесінің Қоғамның аяқталған жылғы таза кірісін бөлудің тәртібі мен Қоғамның бір қарапайым және бір артықшылықты акциясына есептегендегі жыл дивидендінің мөлшері туралы ұсынысын қамтуы тиіс. Қоғам Жарғысының 8.1. тармағына сәйкес дивиденттер алуға құқы бар акционерлердің тізімін жасау датасы дивиденттер төлеу туралы шешім қабылданған датадан кейінгі 10 күнтізбелік күннен ерте белгіленбеуі тиіс. Дивиденттерді төлеуді бастау дивиденттер алуға құқы бар акционерлердің тізімін келісу датасынан кейінгі 30 күнтізбелік күннен ерте емес күнге белгіленеді.

2016 жылдың 30 наурызында өткен мәжілісте Қоғамның Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысына Қоғамның таза кірісін бөлудің тәртібі мен 2015 жылдың қортындылары бойынша Қоғамның бір қарапайым және бір артықшылықты акциясына есептегендегі дивиденттің мөлшерін бекітуді ұсынды.

Жоғарыда айтылғандар мен Қоғам Директорлар кеңесінің ұсынысы ескеріле отырып, акционерлердің жылдық жалпы жиналысына Қоғамның 2015 жылғы таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі мен Қоғамның бір басымдықты және бір қарапайым акциясына есептегендегі 2015 жылғы дивиденттің мөлшерін бекіту ұсынылады.

1) Қоғамның бір қарапайым акциясына есептегенде дивиденттің 2015 жылға мөлшері 0 (нөл) теңге мөлшеріндегі соманы құрайды;

2) Қоғамның бір артықшылықты акциясына есептегенде дивиденттің 2015 жылға мөлшері 25 (жиырма бес) теңге мөлшеріндегі соманы (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен төлеуге жататын салықтың сомасын) құрайды;

3) Қоғамның есепті қаржы жылындағы 2015 жылдың қортындылары бойынша аудиттелген топтастырылған қаржылық есепке сәйкес таза кірісі мынадай тұрғыда бөлінсін:

- бір артықшылықты акцияны дивиденттерді алуға құқы бар акционерлердің тізімін белгілеу датасына айналымдағы тиісті акциялардың санына есептегенде 2015 жылғы дивиденттің мөлшерін шығаруға тең болатын сома дивиденттерді төлеуге жұмсалсын;

- қалдығы Қоғамның қарауында қалсын;

4) дивиденттер алуға құқы бар акционерлердің тізімін бекітудің күні мен уақыты – 2016 жылдың 3 маусымы, 23 сағат 59 минут;

5) дивиденттер төлеуді бастау күні – 2016 жылдың 4 маусымы;

6) дивиденттер төлеудің тәртібі мен нысаны - дивиденттер алуға құқы бар акционерлердің тізімі бойынша, акционерлердің банктік шоттарына қолма-қол ақшасыз аудару жолымен.

#### **Шешім:**

1. 2015 жыл үшін Қоғамның (толық атауы: «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы; орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17; банктік деректемелері: БИН 040340001283, IBAN KZ656010111000022542, SWIFT HSBKZZKX, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Астана аймақтық филиалы) бір қарапайым және бір басымдықты акциясына шаққандағы таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі бекітілсін:

1) Қоғамның бір қарапайым акциясына есептегенде дивиденттің 2015 жылға мөлшері 0 теңге мөлшеріндегі соманы құрайды;

2) Қоғамның бір артықшылықты акциясына есептегенде дивидендтің 2015 жылға мөлшері 25 теңге мөлшеріндегі соманы (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен төлеуге жататын салықтың сомасын) құрайды;

3) Қоғамның есепті қаржы жылындағы 2015 жылдың қортындылары бойынша аудиттелген топтастырылған қаржылық есепке сәйкес таза кірісі мынадай тұрғыда бөлінсін:

- бір артықшылықты акцияны дивидендтерді алуға құқы бар акционерлердің тізімін белгілеу датасына айналымдағы тиісті акциялардың санына есептегенде 2015 жылғы дивидендтің мөлшерін шығаруға тең болатын сома дивидендтерді төлеуге жұмсалсын;

- қалдығы Қоғамның қарауында қалсын.

5) дивидендтерді алуға құқы бар акционерлердің тізімін бекіту күні мен уақыты - 2016 жылдың 3 маусымы 23 сағат 59 минут;

6) дивидендтерді төлеуді бастау күні – 2016 жылдың 4 шілдесі;

7) дивидендтерді төлеудің тәртібі мен нысаны – акционерлердің банктік шоттарына қолма қол емес аудару жолымен дивидендтер алуға құқы бар акционерлердің тізімі бойынша.

2. Қоғамның Бас директоры (Басқарма Төрағасы) Қ.О. Есқазиев Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

#### **4. Қоғамның 2015 жылғы жылдық есебін бекіту**

Қоғам Жарғысының 10.29-тармағына және 12.2-тармағының 41) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ Ұлыбритания Біріккен Корольдігі мен Солтүстік Ирландия Листингтік Агенттігінің (UKLA's Disclosure and Transparency Rules) Ашу және шынайылық жөніндегі ережесінің талаптарына сәйкес келу және Қоғамның Корпоративтік Басқару Кодексімен ұсынылған Қоғамның корпоративтік басқару стандарттарын сақтауы мақсатында Қоғамның жылдық есебін Қоғамның Басқармасы дайындайды, Қоғамның Директорлар кеңесі мақұлдайды және акционерлердің жалпы жиналысының қарауына ұсынады.

Акционерлердің назарына Қоғамның 2015 жылға арналған жылдық есебі ұсынылып отыр, онда мынадай негізгі тараулар қамтылған:

- Қоғам қызметіне қысқаша сипаттама;
- Директорлар кеңесі төрағасының мәлімдемесі;
- Бас директордың мәлімдемесі;
- Операциялық қызметті шолу;
- Қаржылық жағдайдың және қаржы-экономикалық қызмет нәтижелерінің талдауы;
- Тәуекел факторлары;
- Әлеуметтік саясат;
- Корпоративтік басқару жөніндегі ақпарат;
- Қоғамның 2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылға арналған жиынтық есебі.

Қоғамның 2015 жылғы жылдық есебі Қоғамның веб-сайтында [www.kmger.kz](http://www.kmger.kz) бойынша орналастырылған, сондай-ақ акционерлердің сұрау салуы бойынша ұсынылады.

#### **Шешім:**

**Ұсынылып отырған Қоғамның 2015 жылғы жылдық есебі бекітілсін.**

**5. Акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне арыздары және оларды 2015 жылы қараудың қортындылары туралы мәселені қарау**

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 35 бабының 2-тармағының 3) тармақшасы мен «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысының 10.3-тармағына сәйкес акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне арыздары мен оларды қараудың нәтижелері туралы мәселе қаралады.

2015 жылы Қоғамның акционерлерінен мынадай арыздар келіп түсті:

1. 8.01.2015ж. Asyl-Invest АҚ-ның Қоғамның нарықтық құнын көтеру жөніндегі ұсынысы бар сұрау салуы. 13.02.2015ж. түсіндірмесі бар ресми жауабы қайтарылды.
2. 14.01.2015ж. Asyl-Invest АҚ-ның жоғары өтімді активтер туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі сұрау салуы. 15.01.2015ж. ресми жауабы қайтарылды. Қажетті түсіндірулер мен мәліметтер ұсынылды.
3. 27.03.2015ж. миноритарлық акционер Досым Еңкебаевтың миноритарлық акционерлердің мүдделерін кемсіту туралы сұрау салуы. 21.04.2015ж. түсіндірмесі бар ресми жауабы қайтарылды.
4. 23.03.2015ж. East Capital, Franklin Resources, Metage Capital, Prosperity Capital Management, Skagen Funds, ТКВ-BNP Paribas Investment Partners-тардың арнайы дивиденд төлеу мүмкіндігі туралы топтасып сұрау салуы. 21.04.2015ж. түсіндірмесі бар ресми жауабы қайтарылды.
5. 1.07.2015ж. Prosperity Capital Management-тің ішкі рынокта сатуға арналған мұнай бағасын қалыптастыру және ҚМГ БӨ-нің жинақталған ақша қаражаттарын пайдалануы туралы сұрау салуы. 15.07.2015ж. Директорлар кеңесінің төрағасы К. Хопкинсон қол қойған түсіндірмесі бар ресми жауабы қайтарылды. Оған қоса, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Д.И. Ертебайға ресми түсіндірулер жіберілді.

**Шешім:**

**Ұсынылған ақпарат назарға алынсын.**

## **6. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелеріне 2015 жылғы сыйақының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат**

2015 жылы Директорлар кеңесінің мүшелерінен тек Қоғамның тәуелсіз директорлары ғана Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесінің комитеттеріндегі жұмысына қатысқаны үшін сыйақы алды. Қоғамның тәуелсіз директорларына сыйақының жалпы сомасы салықтарды есептегенде ҚҚС қоса есептегенде 244 823,24 мың теңгені, оның ішінде: Эдвард Уолш – салықтарды есептегенде 80 665,31 мың теңгені, Филип Дэйер – салықтарды есептегенде 82 893,69 мың теңгені, Алистер Фергюсон – салықтарды есептегенде 81 264,24 мың теңгені құрады. Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеудің мөлшерлері мен шарттары акционерлердің 2015 жылғы 13 сәуірдегі жылдық жалпы жиналысымен белгіленді. Сыйақы жылдық сыйақыдан, Директорлар кеңесінің тікелей қатысатын мәжілістеріне қатысқаны үшін сыйақыдан, Директорлар кеңесінің мәжілістеріне телефондық және бейнеконференц-байланыс бойынша қатысқаны үшін сыйақыдан, Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің мәжілістеріне қатысқаны үшін сыйақыдан, Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитетінің, сыйақылар жөніндегі комитетінің және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің төрағасы міндетін атқарғаны үшін сыйақыдан тұрады.

Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сыйақы алмайды, бірақ мұндай тағайындаумен байланысты шығыстардың өтелуіне құқы бар.

### **Шешім:**

**Ұсынылған ақпарат назарға алынсын.**



## 7. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының 2015 жылғы жұмысы туралы

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 44 бабының 3-тармағының 3-2) тармақшасына және «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Жарғысының 10-тарауының 10.28-тармағының 5) тармақшасына, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ереженің «Директорлар кеңесінің қызметін бағалаудың» 9-тарауының 9.1-тармақшасына сәйкес, Қоғамның есептілігі мен жиынтық қаржылық есептілігін ұсынумен қатар, Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысына олар бойынша Директорлар кеңесі не Басқарма шешім қабылдайтын мәселелер туралы толық ақпаратты қоса алғанда Директорлар кеңесі мен Басқарманың жұмысы туралы есеп ұсынуы қажет.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамында 3 тәуелсіз директорды қоса алғанда 8 адам бар.

2015 жылы ірі акционер «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ мен Қоғамның басшылығы құрамындағы кадрлық өзгерістерге байланысты Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамында ішінара өзгерістер орын алды. Қоғам Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері оның құрамына Қоғам акционерлері жалпы жиналысының шешіміне сәйкес қабылданды (2015 жылғы 13 қаңтар, 13 сәуір және 26 қараша).

2015 жыл ішінде Директорлар кеңесі қатысып отыратын 14 мәжілісті және сырттай қатысу нысанындағы 44 мәжілісті қоса алғанда 58 мәжіліс өткізді. Қоғамның Директорлар кеңесі өз құзыретінің шегінде басқару, шұғыл жоспарлау және бақылау мәселелерін қарады. Қоғамның Директорлар кеңесі өз құзыретінің шегінде «Самұрық-Қазына» АҚ мен «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның Қоғамның ақша қаражаттарын басқару жөніндегі процеске қатысуы, Қоғамның Трансформация бағдарламасына қатысуы туралы және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның Барлау Өндіру бизнес-бағытын трансформациялау жарғысын іске асыру шеңберінде ақпаратты ашу туралы мәселелерді қарады. Қоғамның тәуекелдерін басқару жөніндегі саясаттың жаңа редакциясы бекітілді.

Оған қоса, Қоғамның директорлар кеңесі оны жасасуға Қоғамның мүддесі бар бірқатар мәмілелерді жасау туралы, Қоғамның басқа ұйымдардың қызметіне қатысуы туралы, ішкі аудит қызметінің сандық құрамы мен оның басшысын қоса алғандағы өкілдіктерінің мерзімі туралы мәселелерді қарады.

Қоғам Директорлар кеңесінің қатысып отыру түріндегі әр мәжілісінде Қоғам Бас директорының Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің алдын ала нәтижелері туралы ақпараты, корпоративтік брокердің Қоғамның бағалы қағаздар рыногы туралы, Қоғам акционерлерінің құрамы туралы және ақпаратты ашу жөніндегі талаптардың сақталуы туралы ақпараттар ұсынылып тұрады.

2015 жылы Қоғам Директорлар кеңесінің жанындағы Тәуелсіз комитет Қоғамның акциялары оның негізгі активі болып табылатын қазақстандық және/немесе шетелдік қор рыногында орналастырылған акциялар және/немесе өзге де бағалы қағаздардың сатып алуға, қайта сатып алуға және/немесе делистингіне байланысты мәселелер бойынша өз қызметін іске асырған. Тәуелсіз комитеттің құрамына Филип Дэйер, Эдвард Уолш және Аластэр Фергюсон Қоғамның тәуелсіз директорлары ғана кіреді. Қоғам Директорлар кеңесінің жанындағы Тәуелсіз комитет туралы Ережеге сәйкес, Brunswick, HSBC, Rothschild's, Linklaters компанияларымен және қазақстандық заң компанияларымен Қоғамның акциялары оның негізгі активі болып табылатын қазақстандық және/немесе шетелдік қор рыногында орналастырылған акциялар және/немесе өзге де бағалы қағаздардың сатып алуға, қайта сатып алуға және/немесе делистингіне байланысты консультациялық қызмет көрсетулерді сатып алу іске асырылды.

Қоғам Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі, сыйақылар жөніндегі, тағайындаулар жөніндегі және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттерінің жұмысы олар туралы ережелерге сәйкес жүргізіледі.

2015 жыл ішінде аудит жөніндегі комитеттің 15 отырысы өтті, онда: Қоғамның ішкі аудит қызметі мен оның басшысы туралы, Қоғамның топтастырылған аралық қаржылық есептілігін мақұлдау туралы, Қоғамның аудиторлық ұйымын айқындау туралы, Қоғамның тәуекелдерін басқару және ішкі бақылау жүйесі, ақша қаражаты айналысының болжамы туралы және Ақша қаражаттарын басқару саясатын сақтау, сондай-ақ Комплаенс мәселелері туралы мәселелер қаралды.

Сыйақылар жөніндегі комитеттің 7 отырысы өткізілді, онда: Басқарма мүшелеріне, ішкі аудит қызметі мен корпоративтік хатшыға төленетін қызметтік жалақының мөлшерін және шарттарын айқындау, сондай-ақ Қоғамның Опциондық бағдарламасына қатысты мәселелер қаралды.

Тағайындаулар жөніндегі комитеттің 5 отырысы өткізілді, онда Қоғам Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін тағайындау, бас директорды (басқарма төрағасын) сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы, Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамы туралы мәселелер қаралды.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің 4 отырысы болып өтті, онда: Қоғамның 2015-2016 жылдарға арналған стратегиялар бастамашылықтар бағдарламасы туралы (Қоғам дамуының бекітілген стратегиялық жоспарының шегінде), Қоғам қызметінің 2015 жылға арналған мақсатты мәндері бар түзетілген корпоративтік негізгі көрсеткіштерін мақұлдау туралы, мұнайгаз активтерін сатып алудың болашақ жобалары туралы мәселелер қаралды.

Басқарма атқарушы орган ретінде Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты іске асырады. 2015 жылы Қоғам басқармасының ұдайы негізде және қажеттігіне қарай 35 мәжілісі өткізілді. 2015 жыл ішінде Басқармада Қоғамның жедел қызметіне, ішкі процедуралар мен бақылауға жататын және реттейтін неғұрлым маңызды мәселелер, басқарылатын тәуекел мәселелері, сондай-ақ ішкі бизнес-процестерді реттейтін ережелер мен нормалар, оның ішінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға өзгерістер енгізумен байланысты мәселелер қаралды, сондай-ақ Қоғамның ұйымдастырулық құрылымын өзгерту мәселесі қаралды. Сонымен қатар, Қоғам Жарғысының нормаларына сәйкес директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған, бірақ Қоғам басқармасының алдын ала мақұлдауын қажет ететін жеке мәселелер. Осылайша, Басқарма Қоғамның жылдық өндірістік бағдарламасын, бюджетін, 2016-2020 жылдарға арналған бизнес-жоспарын мақұлдады. Қоғам басқармасы шешімінің негізінде бекітілген бюджетке сәйкес демеушілік көмек көрсетілді (аз қамтылған отбасыларға, қоғамдық қорларға, шипажай-сауықтыру лагерлерінде сауығу үшін балалар мен зейнеткерлерге және т.б.).

Басқарма Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының, директорлар кеңесінің және лауазымды тұлғаларының ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де Қоғам қызметін қамтамасыз етудің мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ереженің «Директорлар кеңесінің қызметін бағалау» деген 9-тарауының 9.2-тармағына сәйкес, корпоративтік басқару мен директорлар кеңесінің қызметін жақсарту мақсатында 2015 жылы директорлар кеңесінің мүшелері арасында сауалнама жүргізу жолымен Қоғамның директорлар кеңесінің қызметін жеке бағалауды жүргізді. 2015 жылы Қоғамның директорлар кеңесінің қызметін сыртқары тәуелсіз консультантты тартып жан-жақты бағалау жүргізілген жоқ. Директорлар кеңесінің қызметін сыртқары консультантты тартып бағалау 2017 жылы жүргізілетін болады.

Жалпы алғанда, Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері ұсынған сауалнамаларды талдаудың нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің құрылымы мен функциялары өзгеруінің, директорлар кеңесінің қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету сапасының, Қоғамның топ-менеджментімен өзара іс-әрекеттер жасасудың, Қоғамның директорлар кеңесінің ішкі коммуникацияларының оң бағалануы орын алуда.

Қоғамның директорлар кеңесі дамуының одан арғы бағыттары ретінде Қоғамның директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысын жандандыру, Қоғамда стратегиялық шешімдер қабылдаудағы директорлар кеңесінің рөлі мен жауаптылығын көтеру, Қоғамның директорлар кеңесінің жұмысын ұдайы талдау және басқа сондай компаниялардың тәжірибесімен салыстыру болып танылды.

**Шешім:**

**Ұсынылған ақпарат мәлімет үшін қабылданын.**

## 8) Қоғамның Жарғысына өзгерістер енгізу туралы

Қоғамның қолданылып жүрген Жарғыда Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелеріне (бұдан әрі - Директорлар) зиянның орнын толтыратын ережелер қарастырылмаған.

Қазіргі кезде Директорлардың мүдделерін қорғау «Халық-Қазақинстрах» АҚ ұсынған Лауазымды тұлғаларды сақтандыру полисімен шектелген.

Оған қоса, Қоғамның бағалы қағаздар эмиссиясының проспектісінде Директорлар қоса есептелетін Компанияның лауазымды тұлғаларына ұсынылатын зиянды өтеуге қатысты ережелер берілген.

Осыған байланысты, Қоғам Директорларға Қоғамның бағалы қағаздар эмиссиясы проспектісінде ұсынылатын зиянды өтеу кепілдіктеріне ұқсас және:

1) Қоғамның бағалы қағаздар эмиссиясы проспектісінің ағылшын тіліндегі нұсқасының неғұрлым нақты аудармасын қамтитын;

2) Алаяқтық, өтірік, әдейі жасалған дефолт немесе әдейі немқұрайлық жағдайларында зиянның өтелмеуін ескеретін зиянды өтеу жөніндегі ережені ұсынуы қажет.

Жоғарыда айтылған өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның директорлар кеңесінде қаралды және мақұлданды (2016 жылғы 13 сәуірдегі № 9 хаттама).

Қоғам Жарғысының 11-тарауының 11.1-тармағының 1) тармағшасына сәйкес, Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған.

### Решение:

1. Қоғамның жарғысына қоса беріліп отырған толықтыру бекітілсін.
2. Қоғамның Бас директоры (Басқарма төрағасы) Қ.О. Есқазиев белгіленген тәртіппен қоса беріліп отырған Қоғамның Жарғысына толықтыруды Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркеуді қамтамасыз етсін.

### *Түпкілікті шешім.*

Неғұрлым егжейлі-тегжейлі ақпаратты Сіздер «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, 507-кабинет мекен-жайы бойынша орналасқан офісінде 9 сағат 00 минуттан бастап 18 сағат 30 минутқа дейін, сондай-ақ Қоғамның [www.kmgcp.kz](http://www.kmgcp.kz) веб-сайтында алуларыңызға болады.

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы  
акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен енгізілді,  
2015 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ хаттама**

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының  
Жарғысына қосымша**

1. «Директорлар кеңесі» деген 12-тарау:

1) мына мазмұндағы 12.32-тармақпен толықтырылсын:

«12.32. Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында өзгесі көрсетілмесе, бірақ оған директорлар кеңесі мүшелерінің құқығы бар кез келген босату мен орнын толықтыруға зиян келтірместен, директорлар кеңесінің мүшесі немесе Қоғамның басқа да лауазымды тұлғасы өзінің пайдасына шешім шығарылған немесе ол ақталған азаматтық болсын не қылмыстық болсын қандай да бір сот ісін қараудағы (немесе оның тарапынан лауазымдық міндеттерді елеулі бұзуы фактісі расталмауынсыз іс жүргізу тоқтатылғаны) қорғалу кезінде немесе ондай жауаптылық директорлар кеңесінің мүшесі немесе Қоғамның өзге де лауазымдық тұлғасы жол берген алаяқтықтың, алдаудың, қасақана бұзушылық пен атүсті қараушылықтың нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде ондай жауаптылық артылмағаны шартымен Қоғамның қызметіне қатысты ұқыпсыздығы, міндеттемелерді орындамағаны немесе бұзғандығы, не сенімсіздік білдірілгендігі үшін сот оны жауаптылықтан босатуына себеп болған өтінішке байланысты оған жүктелген кез келген міндеттемелерден босатылады және Қоғамның активтерінен өтем алады».

**Бас директор  
(Басқарма төрағасы)**

**Қ. Есқазиев**